**«БЕКІТІЛДІ»**
**«Қазақстан» РТРК» АҚ**
**Директорлар кеңесі**
**2019 жылғы «13» ақпан**
**№ 1 хаттама**

# «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы ережелерге өзгерістер

Берілген құжат «Қазақстан» РТРК» АҚ меншігі болып табылады. Құжаттың таралым санын көбейтуге және таратуға тыйым салынады.

**Астана қ., 2019 ж.**

1. 1.6-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

«1.6. Қызмет бастығының және қызметкерлерінің қызметтік міндеттері, біліктілік талаптары, құқықтары мен жауапкершіліктері осы Ережемен, Лауазымдық нұсқаулықтармен, еңбек шарттарымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады»;

2. 5-бөлім. «Біліктілік талаптары» алынып тасталсын;

3. «Ішкі аудит қызметі бастығының Лауазымдық нұсқаулығы» № 1 қосымшасында:

2.1.5-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

«2.1.5. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, соның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есепке алу, салық салу мәселелері бойынша актілерді білуі.

Қоғамның Ішкі аудит қызметінің бастығына қосымша арнайы дайындық бойынша келесі ең аз талаптар қойлады:

Міндетті түрде «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес берілген «аудитор» біліктілік куәлігінің, және/немесе мемлекеттік аудитор сертификатының, және/немесе ішкі аудит саласындағы CIA (Certified Internal Auditor) сертификатының, және/немесе IFA (International institute of auditing and management) ішкі аудиторының сертификаты және дипломы, және/немесе ACCA (Association of Certified Chartered Accountants) машықтанған бухгалтер сертификаты, және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен аккредиттелген сертификаттау ұйымымен берілген кәсіби бухгалтердің сертификаты болуы тиіс. Сондай-ақ, мемлекеттік және шетел тілдерін меңгеруі артықшылық болып табылады»;

4. «Ішкі аудит қызметі аудиторының Лауазымдық нұсқаулығы» № 2 қосымшасында:

2.1.4.-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

«2.1.4. ҚР нормативтік-құқықтық актілерін, соның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есепке алу, салық салу мәселелері бойынша актілерді білуі».

Сондай-ақ, мемлекеттік аудитордың және/немесе CAP (Certified Accounting Practitioner) бухгалтер-тәжірибешінің сертификаты және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен аккредиттелген сертификаттау ұйымымен берілген кәсіби бухгалтердің сертификаты және/немесе аудит және/немесе есепке алу және қаржы менеджменті саласындағы біліктілігінің болуы, мемлекеттік тілді және шетел тілдерін білуі артықшылық болып табылады».